ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ АТЫНАН
Ш Е Ш І М

2023 жылғы 29 мамыр № 4712-23-00-2/1142 іс Ақтау қаласы

Маңғыстау облысының мамандандырылған ауданаралық экономикалық сотының судьясы М.М.Джумаева оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен азаматтық істі қарады,

ТАЛАП ҚОЮШЫ:
Түпқараған ауданы әкімдігінің «Түпқараған электр жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорны

ЖАУАПКЕР:
Дара кәсіпкер «Айбар» атынан әрекет етуші Мусиев Куанышбек Саттыгулович

ТАЛАП ҚОЮШЫНЫҢ ТАЛАБЫ:
Мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп тану туралы

ҚАРАР БӨЛІГІ:

АПК-нің 223-226, 229 – баптарын басшылыққа ала отырып, сот

ШЕШІМ ЕТТІ:

Талап қоюшы Түпқараған ауданы әкімдігінің «Түпқараған электр жүйесі» мемлекеттік коммуналдық кәсіпорнының жауапкер дара кәсіпкер «Айбар» атынан әрекет етуші Мусиев Куанышбек Саттыгуловичке келтірген мемлекеттік сатып алуға жозықсыз қатысушысы деп тану туралы талап қоюы –қанағаттандырылсын.

Дара кәсіпкер «Айбар» атынан әрекет етуші Мусиев Куанышбек Саттыгулович мемлекеттік сатып алуға жосықсыз қатысушысы деп танылсын.

Дара кәсіпкер «Айбар» атынан әрекет етуші Мусиев Куанышбек Саттыгуловичтен мемлекет пайдасына 1 725 (бір мың жеті жүз жиырма бес) теңге мемлекеттік баж өндірілсін.

Жауапкер оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шешім шығарған сотқа сот шешімінің көшірмелерін алған күннен бастап бес жұмыс күні ішінде осы шешімнің күшін жою туралы арыз беруге құқылы. Арыз,

егер жауапкер талап қою арызының келіп түскені және оның оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен қаралатын туралы тиісті түрде хабарландырмаған және пікірді, сондай-ақ шешімнің мазмұнына әсер ете алатын дәлелдемелерді ұсына алмаған жағдайда беріледі.
Оңайлатылған (жазбаша) іс жүргізу тәртібімен шығарылған шешімге осы шешімнің күшін жою туралы арыз беру мерзімі өткен соң, ал егер арыз берілген жағдайда, сот осы арызды қанағаттандырудан бас тарту туралы ұйғарым шығарғаннан кейін бір ай мерзім ішінде апелляциялық тәртіппен тараптар шағым жасауы немесе прокурор өтінішхат беруі мүмкін.

Судья **М.М.Джумаева**

Көшірмесі дұрыс:

Судья **М.М.Джумаева**

Анықтама: Шешім заңды күшіне 11.07.2023 жылы енді.

Судья **М.М.Джумаева**